



САЛЫҚ ЗИМАНОВ 100 ЖЫЛ

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**


Республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның материалдары

Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН,
ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской
научно-практической конференции

Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ
И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской научно-практической конференции
Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Төраға (Председатель):

Сыдықов Е.Б., ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
мүшелері (члены):

Оңғарбаев Е.Ә., заң ғылымдарының докторы, профессор
Мерзадинова Г.Т., техника ғылымдарының докторы, профессор
Қозыбаев И.М., тарих ғылымдарының докторы, профессор
Сматлаев Б.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Нұрмағамбетов А.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Тлепина Ш.В., заң ғылымдарының докторы, профессор
Сембекова Б.Р., заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Сақтағанова И.С., заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Бас редактор (Главный редактор):

Абдрасулов Е.Б., заң ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редакторлар (ответственные редакторы):

Дауталиев Қ.Н., заң ғылымдарының кандидаты
Женисов С.К., заң ғылымдарының магистрі

Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 242 б.

Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель: материалы республиканской научно-практической конференции. / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев К.Н., Женисов С.К. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2021. – 242 с.

ISBN 978-601-337-529-8

Жинақта 19 ақпан 2021 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланып отыр.

Басылым ғылым және тәжірибе қызметкерлеріне, оқытушыларға, PhD докторанттар мен студенттерге, сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі С.З. Зимановтың мұрасына қызығушылық танытқан жалпы жұртқа арналады.

В сборнике представлены доклады и выступления участников Республиканской научно-практической конференции «Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель», состоявшейся в Евразийском национальном университете имени Л.Н.Гумилева 19 февраля 2021 года.

Издание адресовано научным и практическим работникам, преподавателям, PhD докторантам и студентам, а так же для всех, кто интересуется наследием академика НАН РК С.З.Зиманова.

ӘОЖ 340
КБЖ 65

ISBN 978-601-337-529-8

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021
© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021

Мазмұны Содержание

<i>Предисловие к материалам республиканской научно-практической конференции.....</i>	6
--	---

1-бөлім. Конференция қатысушыларына арналған құттықтаулар Часть 1. Приветствия участникам конференции

<i>Тоқаев Қ.К.</i>	Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау сөзі.....	11
<i>Тогжанов Е.Л.</i>	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының құттықтау сөзі.....	12
<i>Мәми Қ.Ә.</i>	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының құттықтау сөзі.....	15
<i>Асанов Ж.Қ.</i>	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының құттықтау сөзі.....	16
<i>Дәуленов М.М.</i>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице- министрінің құттықтау сөзі.....	18
<i>Бекетаев М.Б.</i>	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің құттықтау сөзі.....	20
<i>Құл-Мұхаммед М.А.</i>	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатының құттықтау сөзі	22
<i>Жұрынов М.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Президентінің құттықтау сөзі	24
<i>Абдолла С.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Төрағасының құттықтау сөзі.....	26

2-бөлім. Ғылыми баяндамалар Часть 2. Научные доклады

<i>Сыдықов Е.Б.</i>	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының кіріспе сөзі.....	30
<i>Сұлтанов Қ.С.</i>	Академик Салық Зимановтың заңшығарушылық қызметке қосқан үлесі.....	32
<i>Абдильдин Ж.М.</i>	Салық Зиманов – выдающаяся целостная личность.....	33
<i>Сабикинов С.Н.</i>	Академик С.З. Зиманов - выдающийся учёный-юрист современности, основатель юридической науки и юридического образования Казахстана.....	36
<i>Алимбеков М.Т.</i>	Ұлағатты ұстаз туралы сөз.....	38
<i>Дулатбеков Н.О.</i>	Салық Зиманов мұрасының өміршеңдігі туралы.....	42
<i>Шапақ У.</i>	Салық Зимановтың конституциялық құндылықтар туралы көзқарастары.....	44
<i>Сәрпеков Р.Қ.</i>	Өнегелі өмір.....	46

Ударцев С.Ф.	Академик С.З. Зиманов: основные направления научных исследований (из истории юридической науки).....	50
Нурғалиева Е.Н.	Положение наемных работников на предприятиях с иностранными инвестициями.....	56
Тлепина Ш.В.	Труды академика Зиманова С.З. как мировоззренческая и методологическая основа историко-правовых исследований.....	61
Абдрасулов Е.Б.	Вопросы национальной государственности и государственного суверенитета в политико-правовых воззрениях академика С.З. Зиманова.....	74
Нурмагамбетов А.М.	Академик С.З.Зиманов о проблемах государственности в истории Казахстана.....	80
Ахпанов А.Н.	Компаративно-правовое исследование свидетельского иммунитета.....	84
Ибрагимов Ж.И.	Академик С.Зимановтың билер соты туралы идеялары.....	88
Шангирбаева Б.Ю.	Свобода выражения мнения в кочевой цивилизации казахов. Некоторые взгляды академика С.З. Зиманова.....	95
Балтабаев К.Ж.	Имущественные наказания в уголовном праве.....	98
Дауталиев Қ.Н.	Абайтану және құқықтаным: академик Салық Зиманов зерттеулерінің ізімен.....	103
Сақ Қ.Ө., Ертасова Г.Қ.	Зиманов – көсемсөз зергері.....	110
Арыстамбаева С.А.	Салық Зиманов – юрист и философ.....	114
Канатов А.К.	Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан: правовой анализ.....	115
Габдулина Б.А.	Академик Салық Зиманов – ғасырлар тоғысындағы тарихи тұлға.....	118
Баймолдина С.М.	Академик НАН РК Салық Зиманович Зиманов – величайший ученый современности.....	127
Балғынтаев А.О.	Салық Зимановтың құқық қорғау және сот органдарын жетілдіру жөніндегі кейбір көзқарастары.....	130
Мергембаева Н.Б.	Институт биев в уголовном судопроизводстве на современном этапе.....	133
Бексултанова Р.Т.	Суд биев как демократический институт отправления правосудия в современном Казахстане.....	137
Даурембеков Е.Қ.	Қазақстандағы медиация институтының қазіргі жағдайы мен даму келешегі.....	139
Абдилов К.С.	Споры и конфликты в древнем обществе, происхождение судов.....	142
Нурмагамбетова С.Б.	От «бонапартизма» к «авторитаризму», или особенности становления французского конституционализма.....	146
Сейдеш Б.Б., Мурзағалиев Е.Ч.	Қазақстан Республикасының егемендігі мен мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі академик С.Зимановтың халықаралық құқыққа қосқан жекелеген үлесі.....	151
Джигитова Р.Н., Симанова Г.Т.	Салық Зиманов – ұлтымыздың мақтанышы, заң ғылымдарының тірегі.....	154

<i>Салауатов М.С., Маханова А.С.</i>	Салық Зиманұлы Зиманов – ғұлама заңгер, ұстаз, қайраткер.....	157
<i>Тоқабаетаева Б.М.</i>	Халқының абыз ақсақалы.....	159
<i>Кемербай Р.А.</i>	Әділдік және философия.....	164
<i>Оңланбетова Ғ.</i>	Заң ғылымының корифейіне – 100 жыл.....	166
<i>Губайдуллин М.Г.</i>	Заңғар заңгер Салық Зиманов шығармаларының ерекшеліктері.....	167
<i>Мырзатаев Н.Д.</i>	Жоғары заң білімін беруді жетілдіру барысында С. Зимановтың алатын орны.....	171
<i>Қарабаев Ф.Ж.</i>	С. Зимановтың құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметінің кейбір көріністері.....	175
<i>Каржаубаев С.С.</i>	К проблемным вопросам юридического образования.....	178
<i>Өмірзақов П.Қ.</i>	Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны орғауды экономикалық реттеуді жетілдіруде шетелдердің тәжірибесін қолдану.....	183
<i>Омарова Б.А.</i>	Административные процедуры в сфере недропользования в свете принятия нового административного процедурно- процессуального кодекса Республики Казахстан.....	186
<i>Капсалимова С.С., Капсалимов К.Ж.</i>	Анализ правового состояния организации государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан.....	191
<i>Бердібаев Н.М.</i>	Халық үніне құлақ асатын университеттен халық үніне құлақ асатын мемлекетке.....	195
<i>Жадауова Ж.А.</i>	К вопросу о совершенствовании законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию.....	202
<i>Жунусбекова А.Ж.</i>	Су ресурстары саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі.....	208
<i>Майшекина Э.С., Амерханова И.К.</i>	Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үрдісін құқықтық реттеудің жетілдіру жолдары.....	212
<i>Найманбай А.Р., Жусипова Б.А.</i>	Академик С.Зиманов еңбектеріндегі адами құндылықтар мен руханият мәселесі.....	218

3-бөлім. Конференция фотолары Часть 3. Фотографии конференции

Академик Зиманов С.З. атындағы аудиторияның тұсаукесері Открытие кабинета имени академика С.З.Зиманова.....	222
Конференцияның жалпы отырысы Пленарное заседание конференции.....	225
Ұйымдастыру сәтінен Организационные моменты.....	233

4-бөлім. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұсынымдары Часть 4. Рекомендации республиканской научно-практической конференции

Қазақ тілінде	238
Орыс тілінде.....	240

7. Там же.
8. Аналитическая справка. Архив Академии правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан. 2017 год.
9. <https://nomad.su/?a=13-202102080010>

АБАЙТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНЫМ: АКАДЕМИК САЛЫҚ ЗИМАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ІЗІМЕН

ДАУТАЛИЕВ Қазыбек Нұрсейітұлы

*заң ғылымдарының кандидаты, Әдет-ғұрып құқығы және салыстырмалы құқықтану ФЗИ-ның директоры,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

Аннотация. В статье обсуждаются вопросы, затрагивающие абаеведения, правопонимания и творческое наследие академика С.З.Зиманова.

Аңдатпа. Мақалада абайтануды, құқықтанымды және академик С.З.Зиманов шығармашылғын қамтитын сұрақтар талқыланады.

Ключевые слова: абаеведение, правопонимание, правосудие, бийское судебное решение.

Тірек сөздер: абайтану, құқықтаным, сот әділдігі, бидің билігі.

Кіріспе

Академик Салық Зимановтың заң ғылымына ғана емес, отандық гуманитарлық ізденістің шоқтығы биік жетістіктерінің бірі – абайтануға да қосқан үлесі мол. Зиманов зерттеулерінде «әділсоттың алтын ғасыры» аталатын мифтік уақыт мәселесі жиі айтылады [1, 5-6.]. Салық Зимановтың пайымдауынша Төле, Қазыбек және Әйтеке билер қайнар бастауында тұрған осы «алтын ғасырды» Абай аяқтады. Сөйтіп ол «ұлы билердің соңы» [2] ретінде көне билер галереясының қақпасын жапты. Бұл бейнелі ойдан қазақтардың әділет тарихына идеалды мән берумен қатар Абайдың әділдік айнасын дөп басып танушылықты аңғарамыз. Себебі, ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай келген би қоюдың дәстүрлі жолы Абай дүниеге келердің алдында ғана құрылымдық өзгеріске ұшырайды. Содан бастап билер әділдігі метрополия бақылауындағы үш жылға сайланатын муниципалдық қызметке айналды. Бұл жағдай онсыз да дауы тарқамайтын руаралық араздықты өршітіп, билердің бұра тартуына, параға ұрынуына, «көне билер» аттамаған әділдікті аяқ асты етуіне соқтырып жатты. Соған қарамастан Абай өз айналасына бұрынғы билерден қалған дәстүрмен «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп бейтарап қарап, әділдік жаюға тырысты. Алдына жауы келіп жүгініп, әділет іздеді. Өлеңдерінде айтатынындай «мыңмен жалғыз күресті».

Абай далалық билік айту дәстүріне бала кезінен араласады. Біздің пайымдауымызша 10-11 жас шамасында бала би атанады. 1909 жылы Петербургте жарық көрген, Құнанбай балалары даярлаған Абай өлеңдерінің басылымында «20 жасында Абай халық ортасында Мөңкедей бас шешен болды... Қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты билерінің бірі болмақ еді» деп жазған. Абай биліктерінің құқықтық мазмұны мен өнегелік негіздерін анықтаудың маңызы зор. Бұл қазақ халқының құқық туралы түсінігін дамытуға, заманауи тынысын ашуға және құқықтық нигилизмнің алдын-алуға мүмкіндік береді.

Сондықтанда өзара тығыз байланысты келесідей үш түрлі сұрақтың басын бір ойдың қазанына салып, сабақтастықта қарауды, рухани байланыстарын іздеуді және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар үшін маңыздылығын белгілеуді жөн көріп отырмыз. Олар: абайтану, құқықтаным және С.З.Зимановтың ғылыми мұрасы.

Абайтану және құқықтаным

Абайтануда әлі де болса кенже қалып отырған мәселе, бұл – Абайдың әділет туралы ойы һәм құқық туралы көзқарасы. Бұл бағыттағы ізденістердің саны еселеп өскенімен, сапасы артқаны шамалы. Абайды салып ұрып заңгер ретінде көрсетіп бағатын ұран үрдіске

айналуда. Абай әділдігінің эволюциясын, оның алысы мен шалысын тең тергеп, сол заманның қоғамдық-саяси ахуалын қатыстыра зерттеу әлі де болса әлсіз. Біржақтылық басым. Абайды заңгер етіп көрсетуге тырысу – түпкі мақсат болмауы тиіс, негізгі мәселе – оның құқықтанымын анықтау.

Жаһандану дәуіріндегі өзі жас, әрі егеменді ел үшін технократтық құндылықтар маңызды көрінгенімен, ХХІ ғасырдағы Қазақстанның тағдыршешті мәселелері гуманитарлық идеяларды өндіру, өңдеу және игеру дәрежесімен анықталатын болады немесе Қазақстан мүлде болмайды. Сондай ізгі идеялардың бір парасы Абай шығармашылығында айтылатын «әділетті қоғам» орнату сұрағы. Әсіресе соңғы отыз жыл ішінде ат үсті жүріп жатқан ұлттық құқықтық жүйедегі өзгерістер, көшірме заңдардың «кері әсерлері» мен олардың адам тағдырына тигізіп отырған жағымсыз салдарлары «криминогенді құбылыс» ретінде қаралып – қырағы ғылыми назардан тыс қалуда. Күмәнға салынбай отыр. Дамыған елдердің жерсінбеген құқықтық құндылықтары һәм құқықтық аккумуляция тақырыбы пәнаралық тұрғыдан да, заң ғылымы аясында да жүйелі зерттеуден өтпеді. Отандық құқықтық жүйенің онтологиясына диахронды және синхронды кесінділер бойынша жіктеп-жіліктейтін құрылымдық-функционалдық талдау жасалған жоқ. Құқықтың кеше, бүгін және ертең мәселесі тұтастықта қаралмай отыр. Қолданыстағы құқықтың аксиологиясы тек «реттеушілік құндылық» тұрғысынан ғана маңызға ие болып, оның этатизммен астасқан заңи позитивистік бағыты үстемдік етуде.

Міне осындай іргелі мәселелер аясында бүгінгі Абайтану құқық (әділет) дегеніміз не, «әділетті қоғам» (құқықтық мемлекет) қайтсе орнайды, әділдіктің қайнар көзі сот па (англосаксондық құқықтық дәстүр) әлде заң ба (континенталдық құқықтық дәстүр), «бұрынғылар» мен «бүгінгілердің» мінезін заңи бихевиористік ұстаным арқылы ажыратудың пайдасы не, «толық адам» (адамның басқаруы) мен «құқықтағы адамның» (құқықтың басқаруы – «Rule of Law») ара-байланысы қай дәрежеде (ескерту: адам құқығы ұғымы Абайда болмады – Қ.Д.), «закон қуаты қолымда болса, адам мінезі түзелмейді деген кісінің тілін кесер едім» деуінде легистік сарын бар ма, дауды «төртеу қылмаудың» қамы қандай секілді сұрақтарға жүйелі түрде жауап беруі тиіс.

Сондықтанда Абайтануды дәстүрлі құқықтанымның тезіне салып қараудың берері де мол, болашағы да зор. Өйткені бір ұлттың құқықтық сана-сезімі мен мәдениетін, әділет туралы қалыптасқан идеологиясы мен танымын Абайдың соттық-құқықтық қызметінен бөле-жара қарау мүмкін емес. Абай шығармашылығы – қазақ мәдениетінің архиві іспеттес сарқылмас қазына. Бұл арада қалыптасқан құқықтық дүниетанымның – Абайға әсері, өз кезегінде Абайдың – құқықтанымға тигізер пайдасы мол. Құқықтаным – құқықтық дүниетанымның құрамдас әрі маңызды бөлігі. Тіпті оның орталық проблемасы деп айтсақ та болады. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей құқық туралы көзқарасы қалыптаспаған, ойы сыннан өтпеген билер кемде-кем. Сондықтанда құқықтанымның табиғаты құқықтық дүниетаныммен салыстырғанда өзгермелі, әралуан және ең бастысы қайсыбір заңдылыққа басыбүтін бағынбайтын автономдылыққа ие. Ол тұлғаның шығармашылық әлеуетіне, ішкі-күйзелістері мен әділет туралы пайымына байланысты түрлі бағытта дамиды. Антропоцентристік, адамтанушылық мәнде қалыптасады. Сол себептенде Абайдың құқықтық көзқарасында адам баласының гуманистік мәселелері жиі көтерілген. «О баста бір сатылған, екі сатылмақ зорлық» дейді жесір әйел теңдігін қорғаған Абай. Әйел баласының құқықтық ахуалына гуманистік қамқорлықпен қарайды. Бірақ бұл Абай түсінігінде ер мен әйелді, қарт пен жасты, би мен құлды формальды тең көретін адам құқығы ұғымы болды дегенді білдірмейді. Бұған Абайдың ортасы да, өзі де дайын емес еді.

Сондай-ақ, құқықтанымдық мәселені құқық теориясында ғана емес, мәдениеттану, әлеуметтік антропология, философия, мифология секілді түрлі пәндердің тоғысында қарау да өзекті. Бұл құқықты кеңірек алып тануға, мәдениеттің элементі ретіндегі болмысы мен көріністерін шашау шығармай зерделеуге мүмкіндік береді.

Абайтану мен құқықтаным мәселесін танымдық категориялар ретінде қатар қойып қараудың ғылыми маңызы жоғары.

Біріншіден, тұлғатану негізінде құқықтанымдық мәселелерді қарастыру – құқықтың антропологиясына бойлауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, Абайды тану арқылы сол заманның құқық туралы түсінігінен хабар алуға болады. Күрмеуі шешілмей келе жатқан құқық ұғымын анықтап, оның көріністерін түгендеу – отандық заң ғылымының көкейкесті сұрағы.

Үшіншіден, Абайдың билік-шешімдері мен құқықшығармашылық қызметтерінің негізінде құқықтың қайнар көзі туралы білімді байыта аламыз.

Абай және әділетті қоғам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында бүгінгі замана биігінен айтылған тың пайымдар бар. Танысып көрелік: «Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек. Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал. Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын (*курсив менікі – Қ.Д.*) көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамама дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды» [3].

Мемлекет басшысының мақаласы Абай ойларын жаңа қырынан алып қарап отыр. Қоғамда болып жатқан өзекті мәселелерге Абай шығармашылығы арқылы жауап іздейді. «Әділетті қоғам құру» туралы идеяның маңыздылығына тоқталады. Абай шығармашылығына саяси-идеологиялық сұраныс тудырып отырған жағдайларды ашып көрсетеді. Мұның түбінде халықтың билікке деген сенімін қайтсе күшейтуге, құрметін ұлғайтуға болады дейтін практикалық мәселе қойылып отырғандығын аңғарамыз. Жауабы да ақынның әділетті қоғам құру туралы идеясынан ізделуі керек деп беріледі.

Осы орайда екі заңды сауал туындайды: біріншісі – осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өмір сүрген Абай шығармашылығы не себепті саяси-идеологиялық сұраныс тудыртып отыр, екіншісі – әділетті қоғам құру дегенміз не? Бұлай күмәнға салуымыздың себебі де жоқ емес, өйткені мерейтойлардың басым көпшілігі идеологиялық ваккумды толтыру үшін ғана өтетіні белгілі. Таптаурын болған шаралардың бірінен-бірінің айырмашылығы аса білінбейді.

Бірінші сұраққа жауапты мәдениеттен іздестіреміз. Қазақстан секілді материалды өмірі (пост)индустриаландыру кезеңінде ғұмыр кешіп отырса да, аграрлық қоғамдық сана элементтері әлі де болса басым елдер көп. Бұлардың дені дамушы мемлекеттер. Сондықтанда мұндай елдерде батыстық демократиялық құндылыққа негізделіп жүріп жатқан реформалардың сәтті іске асуы жергілікті мәдениеттің ерекшелігін ескеру дәрежесімен анықталады. Осы еларалық жағдайды жақсы аңғарған бұрынғы дипломат, бүгінгі Президент Қ.К.Тоқаев Абай идеялары арқылы мемлекеттік басқаруды өзгертуге, оған жаңа мағына беруге ұмтылып отыр. Өйткені «сәнді» атаулармен келіп жатқан батыстық құндылықтар әлі күнге дейін тағайынына сай жұмыс істеп кете алмауда. Қоғамдық санада «ата-баба культінің» корпусына енетін Абай секілді ұлт көшбасшылары айтты дейтін сөздің рухы, жазылған заңдардың легитимділігінен күшті шығуда. Міне осы себептен әл-Фараби, Абай мұралары ұлттық идеологияның өзегіне салынып отыр. Осылай болған соң, ғылымилықтан көрі, саяси науқаншылдық пен субъективизмнің орын алуы да заңдылық. Мұны ғылым жолындағылар зерттеу барысында ескеруі тиіс.

Екіншіден, мемлекет басшысының мақаласынан кейін жиі айтыла бастаған Абайдың «әділетті қоғамы» дегеніміз, біздің пайымдауымызша күн тәртібіне қойылып отырған

жергілікті өзін-өзі басқару институтын жетілдірумен тікелей байланысты. Оны Қ.К.Тоқаев бүгінде «ауыл әкімдерін сайлау» түрінде көріп отыр деуге болады. Осы бағытта тиісті заң жобасы әзірленіп, қабылданбақ. Мемлекеттік басқарудағы қазақтардың дәстүрлі мәдениетімен сыйсатын өзін-өзі басқару сұрағын Абай да айналып өткен жоқ. Өйткені «саналы ғұмырының 18 жылын ел басқару ісіне арнады, 12 жылында болыс, 6 жылында би болып, алыс-жұлыс, айтыс тартыста өткізді» [4, 39-б.]. Сол заманда жүргізілген метрополияның реформаларына сәйкес «болыс» пен «би» жергілікті өзін-өзі басқаратын қоғамдық қызмет ретінде қаралды. Мұның елді аяғынан тартқан кемшіліктері мен мүмкіндіктерін Абай ішінен жақсы білуші еді. Сондықтанда өз өлеңдері мен ойларында әділет тақырыбына қайта-қайта соғып отырды. *«Ғаделет пен мархамат көп азығы, қайда көрсең болып бақ соған көмек»* - дейді ақын. Мұндағы сөз болып отырған «мархаматы» мен «әділеттілігі» – көптің (бұл жерде халық мағынасында айтылып отыр, тобыр мәнінде емес – Қ.Д.) сұранысы. Сондықтанда көптің көңілінен шығудың жалғыз жолы – әділеттілік дейді әрі көпке қарсы шығуды «тәңірге қарсылық» деп тұжырымдайды. Бұл турасында *«көптің көңілін әуелде тәңірі ойлаған, мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін»*, бар ынта *«қаракет қыл, пайдасы көпке тисін»* деген ойларынан көрініс тапқан. Абай ойларындағы әділеттілік ұғымы – *халықшылдық* идеясымен астасып жатыр. Бұл ұғымдарды бір-бірінен бөле-жара қарау мүмкін емес. Әділеттілік тақырыбы қоғамда өзектілік танытып отырғандықтан, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев та оның шешілу жолын халықшылдық идеясы төңірегінен іздестіруде. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы осының айқын көрінісі.

Мерейтойлар арқылы идеологиялық іс-шараларды үйлестірудің өзіне тән артықшылығы бар, ол – халықпен жылы қабылданатындығы. Әсіресе зиялы қауым өкілдері үшін талқыланатын тақырып белгіленіп, соның аясында түрлі ойлар дүниеге келіп, игі бастамалар қолдауға ие болады.

Ал «Рухани жаңғыру» секілді жаңа мазмұндағы идеологиялық жобалар көп ретте халыққа түсініксіз. Тіпті оны іске асырушы жауапты органдар тарабы да ортақ бір мәнде ұғынып отырған жоқ. Бірізділік жоқ. Түсінулер де алуан түрлі.

Осы арада тақырыптан сәл ауытқысақта, «рухани жаңғырудың» түсінілуіне тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы әкелген өзгерістердің бірі «әлемді империялық бөліске салу идеясының күйреуі» еді. Сондықтан XIX ғасырдың 50-60-жж. әлемнің түкпір-түкпірінде деколонизация саясаты жүре бастады. Мұның салдары метрополия мен отар елдердің арасындағы гуманитарлық байланыстың үзілуіне алып келді. Бұл жағдай интергация үшін қай тарапқа болмасын тиімсіз жағдай болатын. Осы олқылықты түзету мақсатында батыстық ғалымдар мен философтар отар елдерге арнап модернизация теориясын әзірледі. Бұл теория бірден жұмыс істеп кете қойған жоқ әрине, сондықтан әрбір алдыңғы теорияның кемшіліктерін ескере отырып жаңа теориялар әзірленді. Кезең-кезеңімен қолданысқа енгізіліп жатты. Бүгінгі күнге дейін бірде-біреуі жемісті нәтижеге қол жеткізе алмаса да, осы модернизациялау үрдісі барысында маңызды әлеуметтік заңдылықтар мен құнды гуманитарлық тұжырымдар өмірге келді. Солардың бірі, мәселен, ресми мойындамасадан, отандық құқықтық жүйеден көрініс тауып отырған құқықтық плюрализм идеясы (түрлі құқықтық дәстүрлердің қатар қолданыста болуы). Модернизацияның түпкі мақсаты аграрлық сананы индустриалдық қоғам дамуының сапына қосу еді. Алайда, Кеңестер Одағының мысалы көрсетіп отырғандай, индустриаландыру процесі өз бетінше сананың жаңғыруына алып келмейтіндігін дәлелдеді.

Сондықтанда Абайтану дегеніміз – Рухани жаңғырудың өзекті және кезекті мәселесі. Қоғамдық сананың жаңа заман талаптарына сай жаңғыруы. Түлеп-түрленуі. Бұл ретте ұлттың өзін-өзі дұрыс тани алуы маңызды. Әлемде болып жатқан өзгерістерге әр ұлт өзінің қайталанбас дара жолымен қосылатыны секілді, Қазақстан да өзінің төлтума дүниетанымы аясында, адамзат өркениеті теріс көрмейтін құндылықтарды игеруі тиіс.

Абайдың әділетті қоғам құру туралы ойларын зерттегенде ескеретін тағы бір маңызды мәселе, бұл – тақырыптың саяси сипаттан көрі, рухани бағытта көбірек талданатындығы. Осы себептенде Абай әділеттілікті саяси құбылыс ретінде қарастырмайды. Оны адам мәселесі, ішкі рухани сұрақ деп қарайды. Қоғамда болып жатқан әділетсіздікті отарлық саясаттың салдарынан емес, жекелеген адамдардың озбырлығынан, надандығынан, білімсіздігінен іздейді. Сондықтан екі тізгін бір шылбырды ұстап, өзі жұртқа үлгі болып «қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жейді». Болыс болады, би сайланады. Бірақ отарлықта күні өтіп жатқан езілген халықтың жан айқайын есітсе де, саяси-тарихи себептеріне назары аумайды. «Енді не қылдық, не болдық» деп толғанады. Елді езгіге қарсы шығуға, отарлық саясатпен күресуге шақырмайды. Абайдың аполитиялық көңіл-күйінің өзіндік себептері бар.

Саяси ұлт мәселесін Абай аңғармағанымен, Санкт-Петербург, Қазан барып оқыған жастар жағы тез байқайды. Мұның нәтижесі де уақыт оздырмай біліне бастады. Ширек ғасыр шамасында қазақ халқы саяси ұлт ретіндегі мәселесін талқылап, оның онтологиясына XX ғасырдың басында нүкте қоя алды. Бұған Ә.Бөкейхан, С.Сейфуллин мен М.Шоқай бастауында тұрған алаштықтар, большевиктер мен түркістаншыл азаматтар және т.б. қомақты үлес қосты.

Айтылған жағдайлар Абай танымындағы әділет ұғымының бір жақты – мораль категориясы ретінде қаралғандығын көрсетеді. Сәйкесінше әділет ұғымы шығыс қоғамдарына тән қалыпта – адам бойындағы ажырамас мән ретінде қабылданды. Егер Батыс өркениетінде қоғамдық қатынастарды реттеудегі әділеттілік персоналданбайтын «заңға», «бейтарап құқыққа» тәуелді болса, Шығыс өркениетінде бұл мәселе тамыры дәстүрмен жалғасып жатқан «рухани тұлғаның» кемелдену дәрежесімен өлшенді. Абайдың «толық адам» идеясын көтеруі де осының көрінісі. Сондықтанда бірінші заңды емес, адамды түзеу керек деп есептелді. Бір сөзбен айтқанда Батыста «құқықтың басқаруы» («Rule of Law») орталық құндылық ретінде өміршеңдік танытса, Шығыста «ізгі адамдардың басқаруы» әділеттіліктің негізгі факторы ретінде әлі де сақталып отыр. Сондықтанда Шығыс қоғамдарында демократиялық құндылықтар, соның ішінде әділет проблемасы «қайырымды патша», «әділ басшы», «дана қария», «толық адам» секілді антроптық мифологемаларға көбірек тәуелді. Мемлекеттік басқару саласында бұл ерекшелікті ұтымды ескеріп отырған шығыстық елдер де бар. Солардың бірі ретінде Қытайдың мемлекеттік басқару жүйесін айтуға болады. Мәселен, Қытайдың мемлекеттік қызметі кәсібиліктен бұрын конфуцийлік этиканы, яғни «рухани кемелдікті» бірінші орынға қояды. Бұл өз кезегінде Қытай елі үшін сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауға, мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға жағдай жасады.

Абай және енші дауы

XIX ғасырдың 50-60 жж. академик Салық Зиманов ҚазССР Ғылым академиясының Философия және құқық институтының директоры болып тұрған шағында Абайдың биліктерін жинатады. Абай туып-өскен өңірдің қариялары мен энтузиаст ақсақалдары ел аузында сақталған Абай биліктерін жинауға кіріседі. Өзі басқарып отырған ғылыми мекемеге жұмысқа алып, ақы төлеп, Абайтанудың бимәлім болып келген құқықтық қырын зерттеуді жолға қояды. Салық Зимановтың жеке қорында осы күні Абай айтты делінетін 50-ден астам билігі сақталған. Олардың әрқайсысына талдау беру үлкен жұмыс. Мақала аясында соның біреуіне ғана тоқталмақпыз.

Алдымен енші туралы қысқаша ақпарат бере кетелік. Еншіні әркім хал-қадірінше береді. Бай – байша, кедей – кедейше. Бірақ берілер еншіден сараңдық қылуға жол жоқ. Кімде-кім сараңдық қылса және онысы білініп тұрса шағымданушыға еншісін толық мөлшерде алып береді. Енші бөліп беріп, жеке отау қылып шығарарда міндетті түрде келесі заттар болуы тиіс: қара үй, қазан, төсек-орын, мініс ат-көлік, артарлық түйе, сауын мал және т.б. өмір сүруге бірінші қажетті заттар. Сондай-ақ кемпір-шалдың берген батасы да еншінің құрамына кіреді. Бата беруі олардың отау болып шығуына берген келісімі әрі разылығы

болса керек. Енші бөлгенде әрқашан бәйбіше баласы көбірек алып отырған, ал одан кейінгі әйелдерінен туған балалары енші алғанда теңдей үлесті болған. Мәселен, Абайдың өзінің айтуы бойынша әкесі Құнанбайдың 7000 жылқысы болған көрінеді. Ол келесідей тәртіпте бөліске түскен. Жалпы, Құнанбай өзі бес әйел алған кісі: бәйбішесі – Күңке, тоқалдары – Ұлжан, Айғыз, Нұрғаным, Айбала. Бәйбішенің баласы Құдайбердіге еншіге 300 жылқы берген деген мәлімет бар, ал тоқал балалары – Тәкежан, Абай, Ысқақ үшеуін қатар үйлендіріп еншіге 80 жылқыдан үлестіген. Құнанбай әкесі Өскенбайдан 12 жылқы енші алғанда, Өскенбайда 27 жылқы болған дейді. Өскенбайдың қалған төрт әйелінен Құнанбайдан басқа он бір баласы болған, оларға Өскенбай қайтқан соң еншісін Құнанбай берген деген сөз бар. Енші алған ұл қара шаңырақтан шығарда алған еншісінің ішінен ең жақсы малды кемпір-шалдың босағасына байлап кетуі тиіс. Бұл алған еншіге разылығын білдіргенге есеп және осыдан кейін енші жайлы дау қууға жол жоқ.

Тағыда айтар бір мәселе ол әр алған әйеліне шамасы келсе отау тігіп бөлек-бөлек шығарған және әр отаудың дәулеті дербес жеке-жеке болған. П.Е.Маковецкийдің 1886 ж. қазақ әдет құқығы туралы еңбегінде «если у киргиза несколько жен, то их обязанности делятся так, что у каждой своя юрта и отдельная стада верблюдов, баранов, которыми заведует она» - деп көрсетеді [5, 348-б.]. Тек ері ғана әр отаудың мал-мүлкін кедергісіз пайдалана алған. Дәулетті кісілер тоқалымен бөлек шығып ауыл тігіп бөлініп отырған. Бұл кіші ауыл деп аталған. Ал үлкен ауылда бәйбіше мен кенже ұлы отырған.

Енді сөз полигамды некедегі мұра бөлісу турасында. Қазақстанда заңның тиым салғанына қарамастан әлі күнге дейін көпәйелалышылық институты қолданыстап бар. Бұл жағдайдан елімізде құқықтық плюрализмнің de facto әрекет ететіндігін көруге болады. Өйкені жазба заңға негізделген континенталдық құқықтық дәстүрмен қатар әдет-ғұрып құқығы мен шариат нормалары қоғам мүшелерімен қолданылуда. Сондай-ақ Астана халықаралық қаржы орталығының қызметінен туындайтын дауларды реттейтін бөлікте ағылшын-саксондық құқықтық тәртіптің қолданатындығы Республика Конституциясында бекітілген. Бұл жағдайлар отандық құқықтық жүйенің күрделілігімен қатар, мәселелері де жеткілікті екендігінен хабар береді. Қолданыстағы заң полигамды некені танымайтындықтан, оның салдары туғызып отырған қоғамдық қатынастар қараусыз қалуда. Бұл адам құқықтарының, соның ішінде отбасылық меншікке деген құқықтардың бұзылуына соқтырып отыр. Заңның тиым салуы себепті әкеден қалған мұрадан қазақ жолы (әдет-ғұрып құқығы) бойынша тиесілі үлесін ала-алмай жүргендер өте көп. Мұның қазақ жолымен қалай шешілетіндігі туралы білім бүгінде сұранысқа ие. Осындай бір дауды шешудің үлгісін Абай биліктерінен кездестіреміз. Абайдың бұл билігі де С.Зимановтың тапсыруымен жазып алынған.

XIX ғасырдың соңғы жылдары Көтібақ руы Айқынбай деген кісінің бәйбішесі мен тоқалы болады. Оның әрқайсысынан екі-екіден төрт бала болады. Айқынбай өлгеннен кейін жер еншісін бөліскенде өзді-өзі келіспей, бәйбішеден туған Кәріпбай бір анадан туған інісі Оспанбаймен жер бөлу туралы жанжалдасып, Оспанбайға айып тартырмақшы болып, төбелес кезінде шекесін өзі пышақпен тіліп жіберіпті. Бұдан кейін көлденең ағайындар Оспанбайға ат-шапан айып кесіп, билік айтады.

Осыған орай, Оспанбай сары бұрасын және бір атын айыпқа төлейді, бірақ риза болмайды. Бөлінбеген жерге тоқалдың балалары да үміттеніп қалады, «біздің де үлесіміз бар» деп, жер таласы қайта қозғалады. Ауыл ақсақалдарының кеңесімен Айқынбай балалары Абайға барады. Жора үстінде Кәріпбайдың өз шекесін өзі кескені анықталады. Абайдың билігі бойынша көлденең ағайындарының Оспанбайға кескен ат-шапан айыбы өзгертіледі, оның берген малын Кәріпбай қайтаратын болады. «Жер бәйбішеге екі есе, тоқалға бір есе есебімен бөлінеді». Бәйбішеден туған Кәріпбай мен Оспанбай екі есе жерді екеуі тең бөлісіп алсын. Ал тоқалдан туған екі ұлы – Иманбай мен Жаманбай бір есе жер алып, тілектеріне сай, өзді-өзді бөліспей, риза болсын» деп әділ шешім шығарылады [6, 74-75 бб.].

Қазақ құқығы бойынша мұраны бәйбіше мен тоқал балаларының арасында бөлудің

жобасы «бәйбіше балалары екі еседен, тоқал балалары бір еседен алады» деген сотық нұсқамен (прецедентпен) реттеледі. Бәйбішенің жолы үлкен болуы себепті одан туған балалар екі сыбағалы болып келеді, ал тоқалдың жолы кіші болуы себепті одан туған балалар бір сыбағалы. Тоқал бірнешеу болған жағдайда олардан туған балалардың үлес алуында еш айырма-артықшылық жоқ және олар өзара тең деп есептеледі. Қыз баланың үлесі әрқашан ер баланың үлесінің жарымы. Сондай-ақ мұраны бөлудің мөлшері жесірдің жасына, балалы болуына, баланың ұл не қыз екендігіне және т.б. заңи мәні бар фактілерге байланысты анықталған.

Бәйбіше мен тоқал балалары арасындағы мұра осы тәртіппен реттеліп отырды. Ал бәйбіше мен кіші әйелге мұра қалай бөлінетіндігі туралы сұрақ фрагментарлы сипатта жеткен әдет-ғұрып құқығының нормаларында сақталған. XIX ғ. екінші жартысында «Ережелер» деген атпен белгілі кіші құқықтық жинақтарда мұраны бөлудің тәртібі мен мөлшері әр түрлі анықталған. Осы «Ережелерді» салыстыра қарап шыққанымызда мұраның мөлшері көп жағдайда әйелдердің бала көтергеніне қарай көбейетіндігін байқадық. Бала тапқан әйел мен бала таппаған әйелдің, соның ішінде ұл тапқан әйел мен ұл таппаған әйелдің мұра алудағы үлестерінде үлкен алшақтық бар. Жесір қалған әйел мұраның сегізден біріне үлесті, ал егер баласы болса алтыдан біріне үлесті деген нормалар кездеседі.

Абай биліктерінің ерекшеліктері

Абайдың билік айту дәстүріндегі бірнеше ерекшелікті бөліп көрсетуге болады. Біз осының үшеуіне тоқталамыз.

Біріншіден, Абай биліктерінде әйел теңдігі мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Бұл жерде мынаны түсіну керек, әйел теңдігі дегенде Абай ер мен әйелдің осы күнгі мағынадағы «сот пен заңның алдында бәрі тең» дейтін формальды теңдікті емес, гуманистік сипаттағы теңдікті, құқыққорғаушылық мәндегі қамқорлықты сөз етіп отыр. Мәселен, бір мәрте қалың малы төленген әйел екінші рет сатылмауы керек. «Бір сатылды, екі сатылмақ жоқ» дейді Абай. Әменгерлікке (левират институты) күштеп қосуға үзілді-кесілді тыйым салады.

Екіншіден, Абай сол заманда өршіп кеткен ұрлық-қарлықты тыюға көп күш жұмсады. «Шынын айтқан шығынсыз құтылады» дейтін Абайдың кесімі бар. Жоқтықтан, амалсыздықтан ұрлық жасайтындар мен байлардың қолшоқпары ретінде жүретін екі түрлі ұры-қарыға Абай әрқалай жаза кескен. Абай жоқтықтан ұрлық жасағандарға кешіріммен қарап, жеңіл жаза белгілеп отырған. Інісі Оспанның, тіпті өзінің малын ұрлағандарды «енді ұрлығыңды тый, ел қатарына қосыл» деп алдына мал салып түзеген. Ал бай-манаптың ұрыларына қатаң жаза қолданады. Жалпы қазақта мал ұрлығына қатал жаза кесетіндігін ескерсек, Абай дәстүрлі үкім-кесімге рухани өзгеріс, гуманистік жаңалық әкеліп отыр. Оған өнегелік мағына дарытып, құқықтың да көтеретін әлеуметтік жүгі бар деген ойды жеткізуге тырысады. Формальды тең тараптардың *de facto* теңсіздігі заң ғылымы көтеріп келе жатқан таптаурын мәселелердің бірі. Жекелеген тұлғалардың үлкен корпорациялармен соттасуға көп ретте материалдық та, моральдық та ресурстары жеткіліксіз. Күштері тең емес. Мұны соңғылары, әлді тарап қарау ниетпен пайдаланатын сәттер тәжірибеде жиі ұшырасып жатады. Абай билігі идеяларының түпкі мәні осындай теңсіздіктердің орын алуына жол бермеуді мәселе ретінде қояды.

Үшіншіден, Абай ауқатты әулеттің өкілі бола тұра, әлсіздің, кедей-кепшіктің, жоқ-жітік пен жатақтың дауларына өзі сұранып барып, оларды қорғап отырған. Бұл – Абайдың сот-құқықтық қызметінің әлеуметтік ерекшелігін ғана көрсетіп қоймайды, мұндай мінездің түбінде әділдікті «толымсыз» заңдардан емес, «толық адам» бойынан іздеу қажет дейтін шығыстық тұрпаттағы этикалық ұстаным жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

1. Зиманов С.З. Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» болды ма? – 5-10-бб. // Қазақтың ата заңдары. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 3-т. – 616 б.
2. Абай ұлы билердің соңы және оның бітім-биліктері. 100-142 бб. // Зиманов С.З. Қазақтың билер соты және бірегей сот жүйесі. – Алматы: Атамұра. – 2008. – 213-б.
3. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Егемен Қазақстан. – 9 қаңтар 2020 жыл.
4. Дауталиев Қ. Абайдың билік хақындағы көзқарасы // Заңгер. – №7. – 2004. – 38-40-бб.

5. Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М.Культеев, М.Г.Масевич, Г.Б.Шакаев – Алматы: Жалын, 1998. – 464 б.

6. Зиманов С.З. Абай – ұлы ойшыл, ақын әрі қазақ құқығының білгірі және реформаторы. // Қазақтың ата заңдары. – А.: Жеті жарғы, 2004. – III т. – 616 б.

ЗИМАНОВ – КӨСЕМСӨЗ ЗЕРГЕРІ

САҚ Қайрат Өмірбайұлы

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор, журналистика және саясаттану факультетінің деканы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

ЕРТАСОВА Гүлжазира Құдайбергенқызы

*баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

Адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі - сөз өнері. Сонау көне замандардан бастап қазірге дейінгі адам ақыл-ойының маржандары сөз арқылы бізге жетті. Өмірде болған небір оқиғалар мен құбылыстарды, тіршіліктің алуан түсті бояулары мен айшықтарын келер ұрпаққа жеткізетін де сол өлмейтін сөз.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде публицистикаға тұңғыш анықтаманы Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде берді. А.Байтұрсынов публицистиканы көсем сөз деген қазақ сөзімен төркіндестіреді. «Көсем сөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері - шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады» [1].

Шын мәнінде публицистика әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәні бар бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтеріп қана қоймай, көпшілікке шешу жолдарын аңғартып, саяси-әлеуметтік оқиғалардың сыр-сипатын ашып береді.

Нағыз публицистикада әлеуметтік-тәрбиелік ықпал жасаудың орасан зор күші бар, өйткені ол бұқараға дұрыс бағыт сілтейді.

Қазақ даласында сан ұрпақтың қордаланған әлеуметтік жүгін аркалап, қоғамдық парызын атқарып, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерді көтеруде жанкештілік танытқан алаш зиялылары аз болмаған. Олардың қатарында техникалық немесе жаратылыстану ғылымдары саласын игере жүріп, өзінің публицистикалық жазбалары арқылы бұқараға оң жол сілтеп, көсемдік сөздерін арнап отырғаны бірталай. Мәселен, Халел Досмұхамедов медицина, Мұхаметжан Тынышпаев теміржол, Әлихан Бөкейханов экономика, Евней Бөкетов химия, Қаныш Сәтбаев геология, Әлкей Марғұлан археология саласының маманы болса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын иелері. Олардың публицистік жазбалары – ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісінің қайнары екені ақиқат.

Сондай-ақ, заңгер мамандығын меңгерген алаш зиялысы, күрескер, қайраткер Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі, саяси серіктері ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы және Жаһанша Досмұхамедов тағы басқа Алаш ардагерлерімен үндес келеді. Ақбаев қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде өткір публицистикалық материалдар жариялады. Сол Жақып Ақбаевтың ізін жалғап, заманының заң зергері атанып, көсемсөзімен жұртын ұйытқан ізбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі - Салық Зиманұлы Зиманов.

С.Зиманов – көрнекті заңгер-теоритиктердің бірі, танымал мемлекет зерттеушісі, Қазақстандағы қоғамдық-саяси ой тарихының шежірешісі, қазақтың әдет-ғұрып құқығының білгірі, әрі республикадағы философия мен құқық ғылымы мен оқу-ағарту ісінің ұйымдастырушы.